

29.09.2023 ж

Қатысқандар саны- 18

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С Отарова қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды.Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Балабақша меңгерушісі тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады. Сонымен бірге балабақша меңгерушісі қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған парақшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты.. Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындайтындықтарын , әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты. Меңгеруші балабақша мейірбикесі А Рысбекова өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін,тәрбиешілер мейірбикелермен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескертті Сондықтан барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауы тиіс екенін айтты. Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен танысып,орындайтындықтырын білдірді, қолын қойды.

2.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне,денсаулығына жауаптымыз.Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сақтауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты тарапып, таныстырып өтті. Балабақша қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

3.Тыңдалды балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы жөнінде балабақша меңгерушісі баланың дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, оның денсаулығына зор ықпалын тигізетінін сол себепті толыққанды тамақтану рационын құру, құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану тсс.мәселелерді түсіндірді.

Сондай ақ ақуыздар мен майлардың көп бөлігін балалар түс кезінде алады. Майлар мен ақуыздар өсіп келе жатқан ағзаның құрылыс материалы болып табылады. Ағзаға ақуыз жетпеген жағдайда бойдың өсуі мен дамуы баяулайды, иммунитет төмендейді, ақыл-ой жұмысы нашарлайды. Сондықтан да, ақуыз мектеп жасына дейінгі баланың тағамына енгізіліп отыруы қажет. Тағамның әр түрлі болғаны маңызды, сол ғана оның пайдасын арттыратынын айтып, мейірбике А Рысбекова 10 күндік ас мәзірін құруды тапсырды.

4.Тыңдалды балабақша есепшісі қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту үшін комиссия құрылып, бекітілген штат кестесімен таныстырды қызметкерлер комиссия құрамына толық сенетіндіктерін айтып, келісім берді.

Шешімі:

- 1.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын.
Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.
- 2.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы үшін 10 күндік ас мәзірі құрылсын, дұрыс тамақтандыру ісі қадағалансын.
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекітілсін.

Төрайымы :  С.Отарова
Хатшы :  Ж.Темирова



№ 2 өндірістік кеңестің хаттамасы

22.12.2023 ж

Қатысқандар саны-18

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы.
3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту
4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық

1.Тыңдалды өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына балабақша меңгерушісі тоқталды. Қызметкерлер ішкі еңбек тәртібі, лауазымдық міндеттеріне сай жұмыс істеп жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге меңгеруші С Отарова балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы бойынша тәрбиешілер мен көмекшілері толыққанды жұмыс істеп жатқанын, балабақшада тосын жағдай орын алмағанын айтып өтті. Мейірбике А Рысбекова балабақшаның күзгі-қысқы мерзімге 10 күндік ас мәзірі жасалып, бекітіліп ,сол бойынша балалар тамағы жасалып жатырғанан, бала тамағы сақталуы, дайындалуы талапқа сай екенін айтып өтті. Балабақша меңгерушісі С Отарова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп қорытындылады.


2.Тыңдалды шаруа меңгерушісі Ж Темирова «Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы» мәліметі. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп,мұржалар тексеруден өткізіліп пештер қысыммен тексерілді. . Барлық топ 20-22⁰ С қалыпты температура сақталуда екенін айтты. Меңгеруші Н.Арапова жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырды.

3.Тыңдалды меңгеруші С Отарова қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту туралы мәліметімен таныстырды. Барлық қызметкерлер дайындалған кестеге қанағаттанатындықтарын білдірді.

4.Тыңдалды Жаңа жыл мерекесіне дайындық Балабақшада жаңа жыл мерекесін өткізуде өрт қауіпсіздігінің қандай шаралары сақтау керектігі жайлы меңгеруші Н.Арапова сөз етті. Жылдың 20 желтоқсаннан бастап, музыка залында өрт қауіпсіздік шаралары сақтай отырып жасалды, шырша орнатылатынын айтты. Ата-аналарға топ жиналыстарында жазатайым оқиғалар болдырмау мақсатында жадынамалар таныстырылсын. Балалар жүретін жолдарда өрт сөндіргіш құралдары жабдықталуын сөз етті. Жаңа жыл мерекесін өткізу үшін қауіпсіздік пен тәртіп ережелеріне кезекшілік ұйымдастырылды. Медбикеге алғашқы көмек көрсету қобдишаларын дайындап қоюы керек екендіктерін ескертті.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
- 2.Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы қанағаттанарлық
- 3.Қызметкерлердің демалыс кестесінбекітілсін.
- 4.Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік шаралар күшейтілсін.

Төрайымы :  С.Отарова
Хатшы :  Ж.Темирова



№ 3 өндірістік кеңестің хаттамасы

12.03.2024 ж

Қатысқандар саны-17

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы
3. Акция: «Гүлді алей» (ата-аналармен бірге көшеттер отырғызу)
4. Әртүрлі мәселелер

1. Тыңдалды балабақшаның өткен кеңестің қаулылырының орындалуы туралы есебі. Балабақшада жылу жыл бойы қалыпты 21-22⁰ С болғанын, балалардың еркін жүріп-тұруына толық жағдай жасалғанын айтып өтті. Жылу жүйесінде ешқандай ақау орын алмағанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада мерекелер кезінде жауапкершілікпен ұжым жұмылдырылғаннан тосын жағдайлар болмағанын айтып өтті.

2. Тыңдалды балабақша мейірбикесі А Рысбекова Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы есеп берді. Балабақша ішінде тазалық шаралары күнделікті жүргізіліп жатқанын, балалар қолдануына керекті заттардың жүйелі жарамсыздығы тексеріліп отырғанын айтып өтті.

Мектепке дейінгі ұйымдардың үй-жайларын жабдықтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бойынша топтардың саяжайлары, дене шынықтыру алаңдары жеміс бақшасы бар. Ондағы құралдар балалардың ойнап тұруына сай етіп орналастырылған. аула көгалдандырылған, қураған шөптер мен бұтақтар өз мезгілінде алынып тасталып отыр. Сонымен бірге топ бөлмелері табиғи жолмен желдетіледі, ойыншықтар мен ыдыстар талапқа сай тазартылып отырғанын, квацтеу өз уақытында өткізіліп отырғанын айтып өтті.

Дей тұрғанмен көмекші тәрбиеші жұмыстарында орын алған кемшіліктерді де айтып, қызметкерлерді өз ісіне жауапкершілікпен қарауды ұсынды.

Қызметкерлер толық келісім берді.

3. Тыңдалды Балабақша меңгерушісі С Отарова «Гүлді алей» акциясын өткізу туралы ұсыныс берді. Көктем мезгілі жаңару, көгерту мезгілі, сондықтан топта және балабақша ауласында гүлдер мен көшеттер отырғызу кезеңі екенін айтып өтті. Сондықтан топтарды гүлдендіру үшін ата-аналарды тарту, балалардың эстетикалық жағынан әсемделген топтарда жүріп тұруы олар үшін де жақсы екенін айтып өтті. Сонымен бірге балабақша ауласын әр топ өз учаскелерін әсемдеулері, кішкене алаңдарға балалармен гүлдер отырғызып, оларға күтім жасау керектігін айтып өтті. Топтар мен алаңдарға керекті құралдардың тізімін жасап құрылтайшыға ұсыну керектігін айтып өтті.

Қызметкерлер толық келісім берді.

4. Тыңдалды меңгеруші С Отарова көктем мезгілі балалардың далада көп жүретін кезі екеніне тоқталып, балабақшаның тазалығы және тәртібі жайлы ескертулер берілді. Демалыс кездерінде балабақша қауіпсіздігіне күзетшілердің жауаптылығы тапсырылды. Аула тазалаушыға өз міндеттері ескертілді.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы қанағаттанарлық. Айтылған кемшіліктер түзетілсін.
3. Балабақша ауласы мен топтар көгертілсін.
4. Көктем мезгіліне қарай балабақша ауласы тазалығы сақталсын.

Төрайымы :  С.Отарова
Хатшы : Ж.Темирова



Өндірістік кеңестің кезектен тыс хаттамасы

20.03.2024 ж

Қатысқандар саны-17

Күн тәртібінде :

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С Отарова ұжымды Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен таныстырды.

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшем шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің объектілеріне, сондай-ақ террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерге қолданылады.

Осы Нұсқаулық білім беру саласындағы қызметті, қарамағында осы объектілер бар мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі өзге де нұсқаулықтармен регламенттелген терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын объектілерге қолданылмайды.

3. Осы Нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бейнебақылау жүйесі – жұмыс істейтін бейне арналар жиынтығы, бейне деректерді жазуға және сақтауға арналған бағдарламалық-техникалық құралдар, сондай-ақ бір-бірімен ақпаратталмасатын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару;

2) жарықтандыру жүйесі - бейнебақылау жүйесі үшін жарықтандырудың қажетті деңгейін, адамдар мен көлік құралдарының объектіде түнде көрінуін қамтамасыз ететін техникалық құралдар жиынтығы;

3) күзет қызметінің субъектілері - бұл Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері және жеке күзет ұйымдары;

4) объектінің потенциалды қауіпті бөлігі – жарылғыш және өрт қаупі, қауіпті химиялық заттар, қару-жарақ пен оқ-дәрілер, улы заттар мен препараттар,

технологиялық тізбектер элементтері, жүйелер, жабдықтар немесе құрылғылар, пайдаланылатын, сақталатын немесе қолданылатын аумақтық бөлінген аймақтар (учаскелер) объектінің конструктивтік және технологиялық элементтері, сондай-ақ, объектіде адамдардың жаппай келуіне қиындықтар тудыратын, оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге қабілеті мүмкін терроризм актісін жасауы, апат болуы, қауіпті әлеуметтік-экономикалық салдарлармен төтенше жағдай қатерін туғызу; терроризм актісін жасау үшін олардың одан әрі пайдалану мақсатында қауіпті заттар мен материалдарды ұрлау болуы мүмкін объектінің қауіпті аймақтары;

5) объектінің периметрі - құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы;

6) оқу (профилактикалық) іс-шаралары - алғашқы әрекет етуде ағдыларын қалыптастыру мақсатында нұсқаулар және жаттығулар түрінде жүзеге асырылатын персонал мен күзетті оқытудың превентивті тәсілдері;

7) педагог – педагогтік немесе тәрбиелік іс-шаралар бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға;

8) рұқсаттама режимі - адамдардың санкцияланбаған кіру (шығу), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мүліктің кіруі (шығарылуы), кіру (әкетілу) мүмкіндігін болдырмайтын, белгіленген тәртіпті реттейтін ережелер жиынтығы;

9) терроризмге қарсы қауіпсіздік паспорты - бұл оның антитеррорлық қауіпсіздігінің жай-күйін бейнелейтін және террористік актілерге осал объектідегі террористік актілердің салдарын ыңғайлы алу, жолын кесу, азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық ақпаратты қамтитын ақпараттық-анықтамалық құжат;

10) террористік тұрғыдан осал объектілер – аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық, қауіпті өндірістік объектілер, сондай-ақ стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілері, адамдар көп жиналатын объектілер, терроризмге қарсы қорғауды міндетті ұйымдастыруды талап ететін күзетілетін объектілер;

11) хабардар ету жүйесі – террористік актілерге осал объектідегі төтенше жағдайлар (авария, өрт, табиғи апат, шабуыл, терроризм актісі) кезінде және іс-қимыл туындаған жағдайда дабыл туралы жедел хабарлауға (жарық және (немесе) дыбыстық хабарлама) арналған техникалық құралдар жиынтығы. Терроризмнің мақсаты — мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау. Сонымен бірге қоғамда дүрбелең тудырып, көшеде, жұмыс және дем алатын жерлерде, халықтың көп шоғырланған орталарында, сауда саттық орталықтарында оқу және мәдениет ошақтарында кез-келген уақытта бүлік шығарып, үрей тудыру. Терроризм актісі жасалуының нақты мүмкіндігі туралы расталған ақпарат болған кезде, - жеке басты құаландыратын құжатыңызды барлық жерде және үнемі өзіңізбен бірге алып жүріңіз; Аса қажеттілік болмаса адам көп жиналатын жерлерге бармауға тырысыңыз; Өзіңіз отырған ғимаратта сыртқа шығатын қосымша есіктердің болуын тексеріп, ғимарат сызбасын зерделеңіз; Көлемді жүк алып жүрмеуге тырысыңыз;

Балабақша ұжымы Қазақстан Республикасының асыратын террористік тұрғыдан осал облыстарды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен о

қасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге
ектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын
қып ,таныстырылсын.

Төрайымы : *Сейт* С.Отарова
Хатшы : *Жеңіс* Ж.Темирова

№ 4 өндірістік кеңестің хаттамасы

17.05.2024 ж

Қатысқандар саны-19

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту
3. Жазғы мезгілде балалардың өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық
4. Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау

1. Тыңдалды балабақшада өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. Балабақша аулалары көшеттермен толықтырылды, ағаштар түптері әктелді, аландарға гүл көшеттері отырғызылып, оларға күтім жасалып жатқанын айтып өтті.

Мейірбике А Рысбекова Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы бойынша айтылған кемшіліктер орындалғанын, тазалық жұмыстары толыққанды жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

2. Тыңдалды Жазғы сауықтыру шаралары туралы тәрбиешілер, медбике және әдіскер өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып өтті. №5 педагогикалық кеңесте бекітілген жазғы сауықтыру іс шаралар жоспарымен кіші қызметкерлерді таныстырды. Бекітілген іс шара жоспары бойынша «Доп» мерекесін, «Нептун» мерекесін, «Гүлдер» мерекесін, «Қала үстіндегі әсем шарлар» және «Спорт күні» мерекелерін өткізетіндіктерін айтып, қаржылай көмек керектігін айтып өтті

Меңгеруші керекті құралдармен толық қамтамасыз ететіндігін білдірді. Медбике А Рысбекова «Жұқпалы ауруларға қарсы» кеңестерін, «Тамақтану туралы» ескертулерін және балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жоспарларымен таныстырды.

3. Тыңдалды балабақша меңгерушісі Н.Арапова Балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығымен таныстырды. Әрбір қызметкер баланың өміріне жауапты. Мекеме ғимараттары, ойын алаңы мен атракциондары өз мезгілінде тексеріліп тұру керек. Тәрбиешілер мен күтушілер жаз мезгілінде балаларды құммен ойнауда, бассейнге шомылуда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тиіс. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын ала тексеріп шығуы керек. Жаз мезгілінде жұқпала аурулардың көбейетінін айта келе меңгеруші қызметкерлерді нұсқаулықты қатаң орындауды талап етті.

Қызметкерлер толық келісім берді.

Пікір білдірді Балабақша медбикесі сөз алып, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жайттарды жою және алдын алу шаралары ай сайын жүргізілетіндіктерін сөз етті.

4. Тыңдалды меңгеруші С Отарова Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау туралы түсіндіру жұмысын өткізді. Асхана қызметкерлері мен шаруа меңгерушісіне жұмыстарын толыққанды жүргізуді ұсынды.

Қызметкерлер келісім берді.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орндалуы қанағаттанарлық.
- 2.Жазғы сауықтыру шараларын орындау барлық қызметкерлерге жүктелсін.
- 3.Балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығы өткізілсін, толық орындалсын.
- 4.Өрт қауіпсіздігі техникасысын сақталсын.



Төрайымы : С.Отарова
Хатшы : Ж.Темирова